

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2022 жылғы 29 наурыздағы № 62 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 4 сәуірде № 27383 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықтың көшірмесін құқықтық статистика және арнайы есепке алудың мүдделі субъектілеріне мәлімет үшін, сондай-ақ Комитеттің аумақтық органдарына орындау үшін жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет төрағасына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми.

Қазақстан Республикасы

Бас Прокуроры

Б. Асылов

Қазақстан Республикасы

Бас Прокуроры

2022 жылғы 29 наурыздағы

№ 62 бұйрығына

қосымша

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9744 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарды немесе баяннatty қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқa дейінгі тергеп-тексерудің бірынғай тізілімін жүргізу қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпаратты есепке алу кітабы (бұдан әрі – АЕК) – сотқa дейінгі тергеп-тексерудің бастауға Қазақстан Республикасы Қылмыстық – процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚПК) 180-бабының бірінші бөлігіндегі аталған себептердің қоса алғанда қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпарат енетін автоматтандырылған дереккор;

2) ақпараттың қорғалған жеткізгіші – бұл Сотқa дейінгі тергеп-тексерудің бірынғай тізіліміне қол жеткізу үшін негізгі ақпараттарды және биометриялық деректердің қауіпсіз сақтауға арналған құрылғы;

3) биометриялық оқитын құралы – саусақ іздерінің биометриялық параметрлері бойынша жүйе пайдаланушысын аутентификациялау үшін мамандандырылған перифериялық құрылғы;

4) жасырылған қылмыстық құқық бұзушылық – бұл ҚР ҚПК-нің 180-бабымен көзделген сотқa дейінгі тергеп-тексерудің бастауға себептердің болуына қарамастан, СДТБТ-да оны тіркеуге шаралар қабылданбаған қылмыстық теріс қылыш немесе қылмыс;

5) иесі бүркемеленген өтініш – ол бойынша авторын анықтау мүмкін емес, арыз иесінің қолтаңбасы, оның ішінде электронды цифрлық қолтаңбасы, пошталық мекенжайы жоқ хабар;

6) қайталама арыз және хабар – сол бір қылмыстық құқық бұзушылық бойынша бір реттен аса арыз және хабар;

7) қолтаңба планшеті – қолтаңба иесінің қолжазба қолтаңбасының цифрлық аналогын құруға мүмкіндік беретін графикалық планшеттен және жазу қаламынан (стилус) тұратын мамандандырылған перифериялық құрылғы;

8) құқық берілген адам – қылмыстық қудалау органы кезекші бөлімінің қызметкери, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты қабылдауға және есепке алуға жауапты лауазымды адам;

9) қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпарат – анықталмаған адамның хабарын, сондай-ақ ҚР ҚПК-нің 180-бабының бірінші бөлігіндегі аталған сотқa дейінгі тергеп-тексерудің бастау себептерін, ҚР ҚПК-нің 181-бабының 5-бөлігіндегі көрсетілген арыздар мен хабарлардың қоса алғанда, сотқa дейінгі тергеп-тексерудің бастау мүмкіндігі туралы шешімді қабылдау қажеттілігі бар ақпарат;

10) қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты есепке алу – АЕК-ке осы тармақтың 15) тармақшасында көрсетілген себептерді осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес "АЕК-тегі есепке алу" К-1 нысаны бойынша (бұдан әрі – К-1 нысаны), сондай-ақ осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес "АЕК бойынша шешім"

К-2 нысаны бойынша, осы Қағидалардың 12 және 14-тармақтарына сәйкес оның шешілу нәтижелері туралы мәліметтерді (бұдан әрі – К-2 нысаны) қоса, қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты бекіту;

11) қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарды және ақпаратты қабылдау – қылмыстық қудалау органдары лауазымды адамдарының ҚР ҚПК-нің 180-бабының бірінші бөлігінде аталған себептерді, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы өзге де ақпаратты міндettі түрде қабылдауы;

12) қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарды немесе баяннatty тіркеу – осы тармақтың 15) тармақшасында көрсетілген себептерді СДТБТ- да тіркеу;

13) Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін пайдалануши (бұдан әрі – пайдалануши) – нақты функцияларды орындау үшін өз құзыretі шенберінде Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін пайдаланатын лауазымды адам;

14) сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімі (бұдан әрі – СДТБТ) – ҚР ҚПК-нің 180-бабының бірінші бөлігінде аталған сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері, олар бойынша қабылданған процестік шешімдер, жүргізілген әрекеттер, қылмыстық іс жүргізуудың қозғалысы, қылмыстық процестің арыз иелері мен қатысушылары туралы мәліметтер енетін автоматтандырылған дереккор, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысындағы қылмыстық сот ісін электрондық форматта жүргізууды жүзеге асырады;

15) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері – арыз, кінесін мойындаап келу, хабар, ҚР ҚПК-нің 181 – 184-баптарының талаптарына сәйкес рәсімделген ҚР ҚПК-нің 180-бабының бірінші бөлігінде аталған қылмыстық құқық бұзушылық туралы баянат;

16) туыстарымен байланысын жоғалтқан адам – әртүрлі себептерге байланысты туыстарымен қандай да бір қарым-қатынас жасамайтын және өзінің орналасқан жері туралы мәліметтерді хабарламайтын, оған қатысты іздестіру туралы арыз келіп түскен адам;

17) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық органдары ;

18) хабарсыз кеткен адам (хабарсыз жоғалған адам) – кенеттен, қандай да бір себепсіз жоғалып кеткен, орналасқан жері белгісіз және оған қатысты оны іздеу туралы арыз, хабар немесе баянат келіп түскен адам;

19) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦК) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың шынайылығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгертілмегендігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиынтығы;

20) электрондық ақпараттық есепке алу құжаты (нысан) – оның негізінде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу деректері қалыптасатын құқықтық статистикалық ақпараттың жеткізгіші;

21) SMS-хабарлама – мобиЛЬДІ байланыс және (немесе) электрондық пошта арқылы қылмыстық процеске қатысушыларға оларды хабар ету не қылмыстық процесті жүргізуШІ адамның келуі үшін мәтіндік хабарлар жіберуге мүмкіндік беретін СДТБТ-ның функционалы;

22) жария сектор – қылмыстық процеске қатысушыға Интернет арқылы ақпараттық қауіпсіздік және құпиялыштық талаптарын сақтай отырып, қабылданған процестік шешімдер туралы СДТБТ-да бар және өзге де мәліметтерге, өзіне немесе ол қорғайтын адамға қатысты қылмыстық істің материалдарына қашықтықтан қол жеткізуге, арyz және өтінішхат беруге мүмкіндік беретін СДТБТ-ның функционалы;

23) сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталғаны туралы есеп – ол сотқа дейінгі тергеп -тексеруді жүзеге асыратын адамның жиналған нақты деректеріне негізделген сотқа дейінгі тергеп -тексеруді аяқтау туралы, айыптау актісін жасау және істі сотқа жіберу үшін істі прокурорға жіберу туралы қысқа тұжырымдары.";

13-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13-2. Аумақтылығы (ведомствоға тиістілігі) бойынша тапсырылған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар, хабарлар немесе баяннattар бойынша құпиялыштықты қамтамасыз етуді талап ететіндерін қоспағанда, арыздардың, хабарлардың, баяннattардың және осы арыздарға, хабарларға, баяннattарға қоса берілген құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып К-2 нысаны толтырылады.

Аумақтылығы (ведомствоға тиістілігі) бойынша берілген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздардың, хабарлардың немесе баяннattардың келіп түскені туралы мәліметтерді құқық берілген адам материал іс жүзінде келіп түскен кезден бастап дереу, АЕК-ге қайта тіркемей, К-2 нысанын толтыра отырып енгізеді.

Аумақтылығы (ведомствоға тиістілігі) бойынша қабылданған материал бойынша осы Қағидалардың 13 және 14-тармақтарында көзделген шешімдердің бірі қабылданады, бұл ретте, қарау мерзімі материалдың нақты келіп түскен кезінен бастап есептеледі.";

7-тaraудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"7-taraу. Заттай дәлелдеме, тәркіленген мүлік және ұсынулардың есебі нысаны";

51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"51. Алынған және жойылған есірткі құралдарын, психотроптық немесе улы заттарды, прекурсорларды (бұдан әрі – ЕПП), іс бойынша өзге де заттай дәлелдемелерді, тіркіленген мүлік пен ұсынуларды есепке алу нысаны осы Қағидалардың 16-қосымшасына сәйкес заттай дәлелдемелерді, оның ішінде есірткі заттарды алып қою, беру және жою, қылмыстық істер бойынша мүлікті тәркілеу, сондай-ақ КР ҚПК-нің 200-бабы тәртібімен енгізілген ұсынуларды және оларды қарау нәтижелері кезінде толтырылады.";

мынадай мазмұндағы 53-1-тармақпен толықтырылсын:

"53-1. ҚР ҚПК-нің 200-бабының тәртібімен енгізілген ұсынулар және оларды қарау нәтижелері туралы деректемелерді, сондай-ақ тәркіленген мүлік туралы мәліметтерді толтырудың шынайылығын сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қамтамасыз етеді.";

мынадай мазмұндағы 9-1-тараумен толықтырылсын:

"9-1-тарау. Қылмыстық процеске қатысушыға арналған нысан.

55-1. Осы Қағидалардың 18-1-қосымшасына сәйкес қылмыстық процеске қатысушыға арналған нысан қылмыстық процеске мынадай қатысушыларға: ҚР ҚПК-нің 201-бабының талаптарын ескере отырып, процестік мәртебені алған сэттен бастап растайтын құжаттар болған кезде құдікті, айыпталуши, сottалуши, жәбірленуші, қорғауши, адвокат, жәбірленуші мен құдіктінің өкіліне жеке-жеке толтырылады.";

көрсетілген Қағидалардың 11-қосымшасы осы Тізбенің 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 12-қосымшасы осы Тізбенің 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 13-қосымшасы осы Тізбенің 3-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 16-қосымшасы осы Тізбенің 4-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидалардың 18-қосымшасы осы Тізбенің 5-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы Тізбенің 6-қосымшасына сәйкес редакциядағы 18-1-қосымшамен толықтырылсын.

2. Күші жойылды – ҚР Бас Прокурорының 01.12.2023 № 213 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

3. "Қылмыстық қудалау органдарының жұмысы туралы" № 1-Е есептің нысанын және оны құрастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 1 қазандағы № 102 бүйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9852 болып тіркелген):

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қылмыстық қудалау органдарының жұмысы туралы № 1-Е есептің нысанын және оны құрастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы";

Осы бүйрықпен бекітілген "Қылмыстық қудалау органдарының жұмысы туралы" есеп нысанында:

1-кесте осы Тізбенің 9-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2-кесте осы Тізбенің 10-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

4-кесте осы Тізбенің 11-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

7-кесте осы Тізбенің 12-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қылмыстық қудалау органдарының жұмысы туралы" № 1-Е есебін қалыптастыру жөніндегі нұсқаулықта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының З-бабында және "Арнаулы мемлекеттік органдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының З-бабында көзделген органдар есептің субъектілері болып табылады.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Есепті қалыптастыру құрылымы мен тәртібі";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Аяқталған, оның ішінде электрондық форматтағы қылмыстық істер туралы мәліметтер (негізгі істер, сондай-ақ негізгі істерге қосылған, аяқталған эпизодтар бойынша қылмыстық істер), 21-53 жолдар бойынша бөлінеді.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. 54-55-жолдарда тергеулігі бойынша жіберілген істер, 56-59-жолдарда - қылмыстық істі үзуді келісу үшін прокурорға жіберілген қылмыстық істер, 60-61-жолдарда - анықтау органы бастығының бұйрықтық іс жүргізуді қолдану туралы жұмысы туралы мәліметтер, 62-жолда - анықтау органы бастығының айыптау хаттамасының қаулысын келісуден бас тартуы, 63-66-жолдарда прокурор сотқа жіберген қылмыстық істер көрсетіледі.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Қылмыстық қудалау органдарының тергеу әрекеттері туралы өтінішхаттары 71-98-жолдарда көрсетілген.";

15-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15-1. 99-жолда Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚПК) 668-бабы бесінше бөлігінің тәртібімен прокурорға жіберілген мүлікті тәркілеу туралы іс жүргізу бойынша қорытындылар көрсетіледі.";

мynadai mazmundaғы 15-2-тармақпен толықтырылсын:

"15-2. 100-жолда ҚР ҚПК-нің 200-бабының тәртібімен мемлекеттік органдарға енгізілген ұсынулар, олардың қаралуы, оның ішінде мерзімі бұзылғандары бойынша бөлініп, олар бойынша 101-104-жолдарда көрсетілген тәртіптік және әкімшілік жауаптылықта тартылғандар көрсетіледі.";

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Көрсетілген кесте ҚР ҚПК-нің 45-бабының тәртібімен сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілген қылмыстық істердің саны туралы мәліметтерді қамтиды және 8 баған мен 60 жолдан тұрады.";

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. 1-жолда 2-10-жолдарда көрсетілген негіздер бойынша бөле отырып, ҚР ҚПК-нің 45-бабының тәртібімен сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілген қылмыстық істер көрсетіледі.";

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. 11-жолда 12-20-жолдарда көрсетілген ҚР ҚПК-нің 45-бабының негіздері бойынша бөле отырып, органның өзі сотқа дейінгі тергеп-тексерудің үзілген мерзімдерінің ішінен қайта басталған барлық қылмыстық істер ескеріледі.";

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. 11-жолдан 21-29-жолдарда сотқа дейінгі тергеп-тексерудің үзілген мерзімдерінің ішінен органның өзі қайта басталған қылмыстық істер бойынша соңғы процестік шешім көрсетіледі; 21-жолда – сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзу туралы; 22-жолда - қылмыстық істі тоқтату туралы; 23-жолда - оның ішінде ҚР ҚПК-нің 35-бабы бірінші бөлігінің 1), 2), 5), 6), 7), 8) тармақтары және екінші бөлігі бойынша тоқтату туралы; 24-жолда - айыптау актісін бекіту үшін прокурорға жіберу туралы; 25-жолда - медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарапарын қабылдау үшін прокурорға жіберу туралы; 26-жолда – жеделдетілген сотқа дейінгі іс жүргізу нысанында аяқталды; 27-жолда – кінәні мойындау туралы процестік келісім жасасу тәртібімен аяқталды; 28-жолда - хаттамалық нысанда аяқталды; 29-жолда - басқа да процестік шешімдер (біріктіру, бөлектеп алу, тергеулігі бойынша жіберу).";

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. 30-жолда сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілген қылмыстық істердің қалдығы 30-жолдан 31-39-жолдарда ҚР ҚПК-нің 45-бабы негіздері бойынша бөліне отырып бейнеленеді.";

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"36. 40-жолда прокурор сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзу туралы қаулыны келісуден бас тартқаннан кейін қабылданған процестік шешімдердің саны көрсетіледі.";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. 40-жолдан қабылданған процестік шешімдер 41-49-жолдарда көрсетіледі.";

мынадай мазмұндағы 37-1-тармақпен толықтырылсын:

"37-1. 50-жолда сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдерін үзу туралы күші жойылған қаулылардың саны көрсетіледі.";

мынадай мазмұндағы 37-2-тармақпен толықтырылсын:

"37-2. 50-жолдан қабылданған процестік шешімдер 52-60 жолдарда көрсетіледі.";

56-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"56. Күзетпен ұсталған адамдар аяқталған қылмыстық істер бойынша ұсташа мерзімдері бойынша бөле отырып, 72-77-жолдарға бөлінеді. Осы жолдардың көрсеткіштерін есепке алу ЭАЕҚ бойынша жүргізіледі, онда сотқа жіберу туралы шешім көрсетіледі және адамға қатысты күзетпен ұсташа түріндегі бұлтартпау шаrasы таңдалды, бұл ретте осы адамға қатысты соңғы шешім ескеріледі.

Аяқталмаған істер бойынша күзетпен ұсталатын адамдардың саны 78-83-жолдарда бөлінеді.";

70-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"70. 1-жолда қандай да бір бұлтартпау шарасы қолданылған не оның іс-әрекеттерін сарапалау туралы қаулы жарияланған, ал кейін егер адамдар ҚР ҚПК-нің 131, 139-баптары тәртібімен ұсталса немесе адамдар ҚР ҚПК-нің 146, 147-баптары тәртібімен күзетпен ұсталса, есепті кезеңде қылмыстық қудалау органдары немесе сот іс жүргізуді ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1 және 2-бөліктерінің 1), 2), 5), 6), 7), 8) тармақтары бойынша тоқтатқан адамдардың жалпы саны көрсетіледі.

1, 3, 10 және 19-жолдарда есепті кезеңде адамдарды қылмыстық жауаптылыққа қайта тарту жағдайларын қоспағанда, өткен жылдары есепке алынған адамдар енгізілмейді.";

77-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"77. Осы кесте 4 бағаннан және 34 жолдан тұрады және кәмелетке толмаған адамдарға қатысты қозғалған қылмыстық істер бойынша іс жүргізудегі және қабылданған процестік шешімдер туралы мәліметтерді көрсетеді.";

82-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"82. 6-жолда 7-15-жолдар бойынша ҚР ҚПК-нің 45-бабының негіздері бойынша бөле отырып, сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілген істер саны көрсетіледі.";

83-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"83. 16-жолда тергеулігі бойынша берілген қылмыстық істер көрсетіледі.";

84-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"84. Есепті кезеңде аяқталған қылмыстық істердің саны 17-жолда көрсетіледі.";

85-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"85. ҚР ҚПК-нің 192-бабында белгіленгеннен астам мерзімде аяқталған қылмыстық істердің саны 18-жолда көрсетіледі.";

86-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"86. 17-жолдан 19-21-жолдарда медициналық сипаттағы шаралар қабылдау үшін айыптау актісімен прокурорға жіберілген қылмыстық істердің саны және тоқтатылған қылмыстық істер көрсетіледі.";

87-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"87. Қылмыстық істерді тоқтату негіздері 22-34-жолдарда көрсетіледі.".

4. "Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы" № 1-М есеп нысанын және оны қалыптастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2019 жылғы 24 сәуірдегі № 29 бүйріғында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18595 болып тіркелген):

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бүйріқтың 1-қосымшасына сәйкес "Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы" № 1-М есеп нысаны;

2) осы бұйрықның 2-қосымшасына сәйкес "Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы" № 1-М есепті қалыптастыру жөніндегі нұсқаулық" бекітілсін.";

осы бұйрықпен бекітілген "Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы" № 1-М есеп нысанында":

1-бөлім осы Тізбенің 13-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

1-1-бөлім осы Тізбенің 14-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

5-бөлім осы Тізбенің 15-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

11-бөлім осы Тізбенің 16-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

5-қосымша осы Тізбенің 17-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

6-қосымша осы Тізбенің 18-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

7-қосымша осы Тізбенің 19-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

8-қосымша осы Тізбенің 20-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

9-қосымша осы Тізбенің 21-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

10-қосымша осы Тізбенің 22-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы Тізбенің 23-қосымшасына сәйкес редакциядағы 11-қосымшамен толықтырылсын;

осы Тізбенің 24-қосымшасына сәйкес редакциядағы 12-қосымшамен толықтырылсын;

"Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы" № 1-М есеп нысанын қалыптастыру жөніндегі нұсқаулықта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы" № 1-М есебін қалыптастыру жөніндегі нұсқаулық";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Нұсқаулық "Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы" № 1-М есепті қалыптастыруға арналған (бұдан әрі - есеп)." ;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Есептің 1, 1-1, 2, 3, 4, 4-1, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11-бөлімдерін және 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12-қосымшаларын қалыптастыру үшін қылмыстық кудалау органдарының қызметкерлері (анықтау органдары, тергеушілер, прокурорлар) Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығымен бекітілген Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарламаны немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9744 болып тіркелген) талаптарына сәйкес толтырған Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінің (бұдан әрі – СДТБТ) электрондық ақпараттық есепке алу құжаттарының (бұдан әрі – ЭАЕК) мәліметтері негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне (бұдан әрі – ҚР ҚПК) сәйкес прокурормен келісілуге немесе бекітілуге жататын процестік шешімдерді есепке алу прокурордың шешімді немесе ЭАЕҚ-ны ӘЦҚ-мен куәландыруынан кейін жүргізіледі.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Есептің 1-бөлімі қылмыстық істері есепті кезеңде іс жүргізуде болған құқық бұзушылықтар туралы (тергеп-тексеру басталды, істі сотқа жіберумен аяқталды, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің іс жүргізу мерзімдері тоқтатылды, үзілді), сондай-ақ істері бойынша есепті кезеңнің сонында алдын ала тергеу немесе анықтау мерзімдері өткен, бірақ мерзімді ұзарту туралы ақпарат СДТБТ-ға түспеген құқық бұзушылықтар туралы мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚК) баптарына және тарауларына сәйкес құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер көрсетіледі.

ҚР ҚК-нің "Адам өлтіру" деген 99-бабы бойынша адам өлтіруге оқталусыз және дайындалусыз есептеледі, олар жеке жолда көрсетіледі.

Бағандар бойынша егер осы құқық бұзушылық бойынша есепті кезеңде бірінші рет тергеу аяқталған болса, қылмыстық істер бойынша шешімдер туралы көрсеткіштер көрсетіледі (сотқа жіберілді, ҚР ҚПК-нің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10), 11), 12) тармақтарына және 36-бабына сәйкес тоқтатылды, есептен шығарумен тоқтатылды немесе олар бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілді).

Егер өткен жылдары тергеп-тексеруі аяқталған, есептен шығарумен тоқтатылған немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілген қылмыстық іс бойынша ағымдағы есептік кезеңде соттың істі алдын ала тыңдау немесе іс жүргізуді қайта бастау сатысынан прокурорға қайтаруы нәтижесінде қайтадан ұқсас шешім қабылданса, онда есепте осы шешім ескерілмейді.

Егер сипатталған жағдайда бірінші рет басқа шешім қабылданса, онда ол есепте қабылданған іс жүргізу шешімдері бойынша есептің бағандарында, сондай-ақ іс жүргізуде болғандар қатарында ескеріледі.

Ағымдағы жылы тіркелген құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша бұрынғы процестік шешім өзгерген кезде осы есептік кезеңде қабылданған соңғысы ескеріледі, ал бұрынғы шешім есептен шығарылады.

Бұдан бұрын ашылмауына байланысты тергеу мерзімдері үзілген істер бойынша іс жүргізу қайта басталған жағдайда, олар ашылмағандар қатарынан шығарылады.

Қаулы немесе айыптау үкімін шығара отырып, сот қозғаған және аяқтаған жеке айыптау істері, сондай-ақ ҚР ҚПК-нің 44-бабы бірінші бөлігінің тәртібімен адамға қатысты бөлінген қылмыстық құқық бұзушылықтар есепке алуға жатпайды.

1, 2 және 5-бағандарды есептеу кезінде қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасының болмауына байланысты есептік кезеңде есептен шығарумен қылмыстық істері

тоқтатылған қылмыстық құқық бұзушылықтар, сондай-ақ ақтау үкімдері занды күшіне енген қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша есепке алынбайды.

1-бағанда қылмыстық істері есепті кезенде іс жүргізуде болған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

Көрсетілген бағанда сондай-ақ есепті кезенде тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны көрсетіледі. Оларға есептік кезенде тіркелген құқық бұзушылықтар, сондай-ақ есептік кезенде алғаш рет қылмыстық істі сотқа жіберу, мерзімін ұзу, іс жүргізуді тоқтату (есептен шығарумен тоқтатылғандардан басқа) туралы процестік шешім қабылданған немесе жоғарыда аталған шешімдердің бір де біреуі қабылданбаған өткен жылдардағы құқық бұзушылықтар жатады.

1-бағанда іс жүргізуінде есептік кезеңнің соңында тұрған қылмыстық қудалау органдының есебі бойынша қылмыстық құқық бұзушылықтар, ал сотқа жіберу, істі тоқтату туралы процестік шешім қабылданған не сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері ұзілген немесе істің одан әрі қозғалысы туралы мәліметтер жоқ істер бойынша соңғы процестік шешімді қабылдаған органдың есебі бойынша есепке алынады. Тергеулігі бойынша беру кезінде құқық бұзушылық 1-бағаннан алып тасталады және оны қабылдаған органдың есебіндегі көрсетіледі.

2-бағанда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді кімнің: анықтау органдының, тергеушінің, прокурордың бастағанына қарамастан, есепті кезенде тіркелген құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бір қылмыстық қудалау органы бастаған және кейін тергеулігі бойынша басқа органға берген кезде 2-бағанда құқық бұзушылық сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған органдың есебіндегі көрсетіледі. Бұл жағдайда 2-баған көрсеткіштерінің 1-баған көрсеткіштерінен асып кетуіне жол беріледі.

Прокурор тіркеген құқық бұзушылықтар ол іс жүргізуге берілген қылмыстық қудалау органы бойынша есептің 2-бағанында көрсетіледі.

3-бағанда 2-бағаннан өткен жылдары жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны бөлінеді.

4-бағанда 2-бағаннан әйел жынысты адамдарға қатысты жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны бөлінеді.

5-бағанда 2-бағаннан кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған құқық бұзушылықтар саны бөлінеді.

6-бағанда тіркеу уақытына қарамастан, алғаш рет аяқталған қылмыстық істер бойынша (ҚР ҚПК-нің 518-бабының тәртібімен, ҚР ҚПК-нің 305, 528-баптарының тәртібімен медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарапарын қолдану үшін сотқа жіберілген не ҚР ҚПК-нің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10), 11), 12) тармақтарына және 36-бабына сәйкес тоқтатылған) құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

7-бағанда қылмыстық істері ҚР ҚПК-нің 305, 528-баптарының тәртібімен және құқық бұзушылықты тіркеу уақытына қарамастан, ҚР ҚПК-нің 518-бабының тәртібімен медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін алғаш рет сотқа жіберілген құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

8-бағанда 7-бағаннан тергеушінің іс жүргізуінде болған аяқталған құқық бұзушылықтар саны бөлінеді.

9-бағанда 7-бағаннан анықтау органдарының іс жүргізуінде болған аяқталған құқық бұзушылықтар саны бөлінеді.

10-бағанда 7-бағаннан хаттамалық нысанда аяқталған құқық бұзушылықтар саны бөлінеді.

11-бағанда кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісім жасалғаннан кейін аяқталған құқық бұзушылықтардың саны туралы мәліметтер көрсетіледі.

12-бағанда қылмыстық істері ҚР ҚПК-нің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10), 11), 12) тармақтарына және 36-бабына сәйкес (есепке алудан шығарусыз) алғаш рет тоқтатылған құқық бұзушылықтар көрсетіледі.

13-бағанда істері ҚР ҚПК-нің 35-бабы бірінші бөлігінің 1), 2), 5), 6), 7), 8) тармақтарына сәйкес тоқтатылған құқық бұзушылықтар саны (құқық бұзушылықты есепке алудан шығарумен) көрсетіледі.

14-бағанда есептік кезеңде сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілген құқық бұзушылықтардың жалпы саны көрсетіледі.

15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23-бағандарда 14-бағаннан қылмыстық істер бойынша ағымдағы есептік кезеңде алғаш рет ашылмаған ретінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілген құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі (ҚР ҚПК-нің 45-бабы жетінші бөлігінің 1), 2), 3), 5), 6), 7), 8), 9) тармақтары бойынша).

24-бағанда ҚР ҚПК-де белгіленген алдын ала тергеу немесе анықтау мерзімі өткен, ал оны ұзарту туралы ақпарат СДТБТ-ға енгізілмеген істер бойынша құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

25-бағанда қылмыстық істері есепке алудан шығара отырып, тергеулігі бойынша берілген құқық бұзушылықтар саны ескеріледі.

26-бағанда есепті кезеңде қоғамдық орындарда жасалған құқық бұзушылықтар саны бөлінеді.

27-бағанда 24-бағаннан есепті кезеңде көшелерде, аландарда, саябактарда, скверлерде жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

28-бағанда отбасылық-тұрмыстық салада жасалған құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

29-бағанда ашылмаған, ескіру мерзімінің өтуіне байланысты адамсыз тоқтатылған қылмыстық теріс қылықтардың саны көрсетіледі.

30-бағанда адамдарға қатысты жеке іс жүргізуге бөлінген сотқа дейінгі тіркелген тергеп-тексерулердің саны көрсетіледі.";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Есептің 1-1-бөлімі "Ағымдағы кезенде тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар және қабылданған шешімдер туралы мәліметтер";

9-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"9-тарау. Есептің 5-бөлімі "Қылмыстық жазасын өтеп жүрген адамдар жасаған, оның ішінде мекеме аумағынан тыс тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер";

мынадай мазмұндағы 26-тараумен толықтырылсын:

"26-тарау. "Есептің 11-қосымшасы "Тіркелген ауыр және аса ауыр қылмыстар туралы мәліметтер".

30. Есептің 11-қосымшасы тіркелген ауыр және аса ауыр қылмыстар туралы мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда ҚР ҚК-нің баптары мен тарауларына сәйкес тіркелген ауыр және аса ауыр қылмыстар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Есептің 11-қосымшасының көрсеткіштері есептің 1-бөліміне ұксас қалыптастырылады.".

27-тарау мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"27-тарау. Есептің 12-қосымшасы "Қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша (адамдар бойынша) құрбандар саны туралы мәліметтер".

31. Есептің 12-қосымшасы қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша (адамдар бойынша) құрбандар саны туралы мәліметтерді қамтиды.

Жолдарда ҚР ҚК-нің баптары мен тарауларына сәйкес құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер көрсетіледі.

ҚР ҚК-нің "Адам өлтіру" деген 99-бабы бойынша адам өлтіруге оқталусыз және дайындалусыз есептеледі, олар жеке жолда көрсетіледі.

Есеп бағандарында жынысы, жас құрамы, азаматтығы, кәсібі бойынша құрбандар туралы мәліметтер көрсетіледі.".

5. "Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актілерді, олардың мерзімдерін ұзарту және күшін жою туралы қосымша актілерді, тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту, қатысуышылар құрамын өзгерту және тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну және олардың нәтижелері туралы хабарламаларды тіркеу

"қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндестін атқарушының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 162 бұйрығында" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21964 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актілерді, олардың мерзімдерін ұзарту және күшін жою туралы қосымша актілерді, тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімдерін тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту, қатысуышылар құрамын өзгерту және тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау туралы ақпараттық есепке алу құжаттарын ұсыну және олардың нәтижелері туралы хабарламаларды тіркеу қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар):

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Тағайындау туралы актілерді тіркеу электрондық және қағаз нысандарда бақылау және қадағалау субъектісінің орналасу мекенжайы бойынша профилактикалық бақылау мен қадағалаудың уәкілетті органда тексеруі басталар алдында жүзеге асырылады.

Бұл ретте, тіркеу және есепке алу субъектісі бақылау және қадағалаудың әрбір субъектісін тағайындау туралы актіні ресімдейді.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодекстің (бұдан әрі – Кәсіпкерлік кодекстің) 140, 141-баптарында көзделген жағдайларда тексеру жүргізу туралы актілерді тіркеу уәкілетті органда тексеру басталғаннан кейінгі келесі жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

"Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-3-бабымен көзделген жағдайда, тексеруді тағайындау туралы актіні тіркеу уәкілетті органда тексеру басталғаннан кейін екі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Қосымша акт уәкілетті органда бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) орналасқан жері бойынша электрондық және қағаз нысандарда тексеру немесе профилактикалық бақылау және қадағалау мерзімі аяқталғанға дейін тіркеледі.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Тексеру, профилактикалық бақылау және қадағалау мерзімі аяқталған кезде тексеру және есепке алу субъектісі (аяқталу мерзімінен кешіктірмей) ТСОБТ-ның тексеру нәтижелері туралы талон толтырады, оның мәліметтері бойынша осы Қағидалардың 13-қосымшасына сәйкес нысандар автоматты түрде тексеріс нәтижелері туралы электрондық акт, осы Қағидалардың 14-қосымшасына сәйкес нысан бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тексеру нәтижелері туралы актіні қоспағанда, 14-1-қосымшага сәйкес нысан бойынша қорытынды қалыптастырылады.

осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген жағдайларда тіркеу және есепке алу субъектісі тексерудің немесе профилактикалық бақылаудың және қадағалаудың аяқталу мерзімінен кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тексеру нәтижелерін қоспағанда, осы Қағидалардың 15-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тексеру нәтижелері туралы актіні, осы Қағидалардың 16-қосымшасына сәйкес анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы қоса тіркей отырып, тексеру, профилактикалық бақылау және қадағалау нәтижелері туралы талонды уәкілетті органға ұсынады.";

көрсетілген Қағидалардың 3-қосымшасында:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"9. Қабылданған шаралар: (1-әкімшілік іс қозғалды, 2-нұсқама енгізілді, 3-өзге шара қолданды).";

көрсетілген Қағидалардың 13-қосымшасында:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Тексеру параганың атауы және бұзушылықтар анықталған талаптардың тармақтары:

№	Анықталған бұзушылықтар тізілімі	Бұзушылықтар анықталған тексеру парагы талаптарының тармақтары және атаулары
1.		
2.		

";

көрсетілген Қағидалардың 14-қосымшасында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"№ ____ бұзушылықты жою туралы нұсқама.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қазақстан Республикасының заңнамасын және басқа да нормативтік құқықтық актілерін бұзғаны үшін (Қазақстан Республикасы Кесіпкерлік кодексінің 152-1-бабының үшінші бөлігін ескере отырып) мынадай іс-шараларды орындастын:

№	Анықталған бұзушылықтар тізілімі (бұзушылықтар анықталған тексеру парагы талаптарының тармақтары және атаулары)	Тәуекелдер деңгейін бағалау	Анықталған бұзушылықтарды жою, оларды жою мерзімдері бойынша ұсынымдар мен нұсқаулар
1.			
2.			

";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"7. Бақылау және қадағалау субъектісінің уәкілетті адамының (заңды тұлғаның басшысы, немесе уәкілетті адамының, жеке тұлғаның), сондай-ақ, тексеру барысында

қатысқан адамдардың нұсқамамен танысуы немесе танысудан бас тарту туралы мәліметтері, қолдары немесе қол қоюдан бас тарту

" ;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"8. Нұсқаманы енгізді (тексеру/бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізген уәкілетті органның лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы)

" ;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"9. Нұсқаманы алдым (занды тұлғаның басшысы, немесе уәкілетті адамының, жеке тұлғаның) ТАӘ (бар болған жағдайда), оның қолы)

20 ____ жылғы "____" ____";

көрсетілген Қағидаларға осы Тізбенің 25-қосымшасына сәйкес редакцияда 14-1-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген Қағидаларға 15-қосымшада:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Тексеру нәтижелері бойынша ескертулер және (немесе) қарсылық

Косымша "____" парапта";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Ескертпе: Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 152-бабының 4-тармағына сәйкес тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтар бойынша қосымша уақыт және (немесе) қаржылық шығындар қажет болған жағдайда, бақылау және қадағалау субъектісі үш жұмыс күнінен кешіктірмей тексеру жүргізген мемлекеттік органға бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзарту туралы арызben жүгінуге құқылды.

Бақылау және қадағалау субъектісі арызда бұзушылықтарды жою бойынша қолданылатын шаралар және бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзартудың объективті себептері баяндалады.

Тексеру жүргізген мемлекеттік орган арызда жазылған дәлелдерді ескере отырып, үш жұмыс күні ішінде бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзарту немесе уәжді негіздемемен ұзартудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.";

көрсетілген Қағидалардың 16-қосымшасында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді: "Бұзушылықты жою туралы нұсқама";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"7. Бақылау және қадағалау субъектісінің уәкілетті адамының (занды тұлғаның басшысы, немесе уәкілетті адамының, жеке тұлғаның), сондай-ақ, тексеру барысында қатысқан адамдардың нұсқамамен танысуы немесе танысадан бас тарту туралы мәліметтері, қолдары немесе қол қоюдан бас тарту

";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"8. Нұсқаманы енгізді (бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру/профилактикалық бақылау мен қадағалауды жүргізген уәкілетті органның лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы)

";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"9. Нұсқаманы алдым (уәкілетті адамың ТАӘ (бар болған жағдайда), күні)

20 __ жылғы " __ " ____ ".

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне

1-қосымша

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызды, хабарды немесе баяннatty қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірынғай тізілімін жүргізу қағидаларына

11-қосымша

нысан

Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірынғай тізілімінде тіркеу

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірынғай тізілімінің номірі (бұдан әрі – СДТБТ) _____

2. Тіркелген күні-уақыты _____

Кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізу күні мен уақыты _____

2.1. Тіркейтін орган _____

3. Жасалған ауданы (гарнizonы, көліктегі) _____

3.1. Өскери бөлімнің номірі _____

4. Ақпаратты есепке алу кітабының номірі (бұдан әрі – АЕК) _____ АЕК күні "___"

5. № _____ СДТБТ-дан бөлінді

Қатысты: (анықтамалық бойынша)

6. Мынадай жолмен есепке алудан жасырылған: тіркемеу (01), номенклатуралық істе (нарядта) негізсіз қараусыз қалдыру және сақтау (02), КР ҚПК-нің 181-бабы 5-бөлігіне сәйкес уәкілдегі мемлекеттік органға немесе лауазымды адамға негізсіз жіберу (03), құзыретіне осы мәселені қараша жататын уәкілдегі органға негізсіз жіберу (04), негізсіз қосып тігу (05), жекеше айыптау істері бойынша сотка негізсіз жіберу (06), іс жүзінде бермestен тереңеуілгі (аумақтылығы) бойынша беру арқылы (07), басқа қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар материалды жеке іс жүргізуге бөлектеп алмау (08), қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болған кезде әкімшілік жауаптылықта негізсіз тарту (09).

Есептен жасырылған қылмыстық құқық бұзушылық анықталды (бастамашы): Қазақстан Республикасының Бас прокуратуrasesы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – ҚСжАЕК) қызметкері (1), прокурор (2), сот (3), ведомстволық жолмен (4).

6.1 Бірлескен жұмыс нәтижесінде анықталды: ҚСжАЕК қызметкерімен (1), прокурорымен (2), сотпен (3), ведомстволық жолмен (4).

6.2 Қылмыстық құқық бұзушылықты (қылмысты) жасырган орган _____

7. Бірлескен жұмыс нәтижесінде анықталды: (анықтамалық бойынша)

8. Нәтижелері бойынша тіркелді: (анықтамалық бойынша)

9. Жасалған күні _____ жасалған уақыты

9.1 қылмыстың/теріс қылыштың сипаттамасы

Қылмыс/теріс қылыш фабуласы

10. Қылмыстық құқық бұзушылықты (қылмысты) саралау: Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – КР ҚК) 11-бабы бойынша: анықталмаған (0), онша ауыр емес (1), ауырлығы орташа (2), ауыр (3), аса ауыр (4); КР ҚК-нің 24-бабы бойынша: дайындау (1), қастандық (2).

10.1 Қылмысты ҚР ҚК бойынша саралау _____

10.2. Құқық қорғау және арнаулы органның қызметкеріне қатысты тіркелген (анықтамалық бойынша):

10.3. Қылмыс: әйелге (01), кәмелетке толмағанға (02), әйелге, некеге отыру мақсатында (03) қатысты жасалды;

10.4. Занды тұлғаны пайдалана отырып (01), занды тұлғаны пайдаланусыз (02) жасалды;

10.5. Бизнес сәйкестендіру номірі (БСН) _____

10.6. Кәсіпорын атауы _____

10.7. Қылмыстық құқық бұзушылық отбасы-тұрмыстық салада жасалды: (анықтамалық бойынша)

Арыз иесі туралы мәліметтер

20. Арыз түрі: жеке тұлғаның жазбаша арызы (01), жеке тұлғаның ауызша арызы (02), органның/ұйымның лауазымды адамының хабары (03), кінәсін мойындалап келу (04), ауызша нысанда берілген кінәсін мойындалап келу (05), бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарлар (06), лауазымды адамының баянаты (07).

20.1. Мәліметтер: құпиялы (01), құпия (02), құпиялы емес (01), құпия емес (02).

21. Бизнес сәйкестендіру номірі (БСН) _____

21.1 Ұйымның атауы _____

22. Жеке сәйкестендіру номірі (ЖСН) _____

22.1 Тегі 22.2 Аты 22.3 Өкесінің аты (ол бар болса) _____

23. Туған күні _____

24. Азаматтығы: (анықтамалық бойынша)

25. Жеке басын күеландыратын құжат (анықтамалық бойынша):

құжат № _____ берілген күні _____ 20 _____ жыл

Құжатты кім берді: (анықтамалық бойынша)

26. Мекенжайы:

Республика _____ облыс _____ аудан _____ елді

мекен _____ көше _____ үй _____ корпус _____ пәтер _____

27. Телефоны _____ мобиЛЬДІ телефон _____ e-mail _____

Құқық бұзушылық туралы мәліметтер

28. Қылмыс жасалды: (анықтамалық бойынша)

29. Жасалған орны: (анықтамалық бойынша)

29.1 Қоғамдық орын: қоғамдық орын (1), оның жұмыс істемеудің кезеңіндегі қоғамдық орын (2).

30. Объектінің қорғау: мемлекеттік (1), жеке (2), арнайы (3), жоқ (4), ведомстволық (5), ведомстводан тыс (6).

31. Жасалған орны (анықтамалық бойынша):

32. Қолсұғушылық нысанасы (анықтамалық бойынша):

32.1 Қолсұғушылық нысанасының меншігі: (анықтамалық бойынша)

33. Саралау бойынша косымша белгілер: (анықтамалық бойынша)

33.1 Косымша мәліметтер: (анықтамалық бойынша)

33.2 Қылмыс анықталды: талдамалық деректерді пайдалану арқылы (01), қызметтік іздестіру итін пайдалану арқылы (02);

33.3. Экономика саласында: (анықтамалық бойынша)

33.4. Мемлекеттік немесе салалық бағдарламаның атауы

33.5. Қызмет саласында жасалды (анықтамалық бойынша)

34. Мынадай жолмен жасалды: (анықтамалық бойынша)

35.1 қолдану арқылы жасалды: (анықтамалық бойынша)

36. Келтірілген залал сомасы (тіркеу кезінде): _____

тенге

Мемлекетке келтірілген залал (тіркеу кезінде): _____

тенге

Занды тұлғаларға келтірілген залал (тіркеу кезінде): _____

тенге

Жеке тұлғаларға келтірілген залал (тіркеу кезінде): _____

тенге

36.1. Алынған қылмыстық кірістің сомасы (тіркеу кезінде): _____

тенге

37. Ескертпе

Ескертпе сипаттамасы

38. Лауазымды адам

39. Хабарлама жіберілген прокуратуралың атауы

Тіркелген күні _____ Түзету енгізілген күн _____

Есепке алу түрі: есепке алышын (1), СДТБТ-да қайта тіркеуге байланысты есептен алышан (2), ақталаудына немесе ақтайдын негіздер бойынша соттың тоқтатуына байланысты есептен алышан (3).

СДТБТ-да қайта тіркелген нөмірі _____

Қазақстан Республикасы

Бас Прокурорының

Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу саласындағы
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының
тізбесіне 2-қосымша
Кылмыстық құқық бұзушылық
арызды, хабарды немесе
баяннatty қабылдау және тіркеу,
сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-
тексерудің бірынғай тізілімін
жүргізу қағидаларына
12-қосымша
нысан

Сотқа дейінгі тергеп-тексерулдердің бірынғай тізілімі бойынша шешім

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексерулдердің бірынғай тізілімінің (бұдан әрі – СДТБТ) номірі _____
2. Тергеп-тексеру органдының атауы _____
3. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру нысаны: (анықтамалық бойынша) 3.1 Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу: қағаз форматта (01), электрондық форматта (2).
